

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ГУМАНИТАРЛЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«ПЕДАГОГИКА, БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ



БЕКІТЕМІН
АГЭУ ректоры п.ғ.д., профессор
Корвяков В.А.

«30» 08 / 2024 ж. Хаттама № 1

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН МЕМЛЕКЕТТІК
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

(БАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША 1 КУРС СТУДЕНТТЕРІНЕ
АРНАЛҒАН)

Алматы, 2024

«Барлық білім беру бағдарламасы» бойынша I курс студенттеріне арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан бағдарламасы дайындалды және Педагогика, психология және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының мәжілісінде ұсынылды.

Құрастырушылар:

т.ғ.к., доцент Селкебаева А.Т. А.Т. Селкебаева
магистр, аға оқытушы Жүсіп Э.М. Э.М. Жүсіп

«Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан бағдарламасы Педагогика, психология және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының мәжілісінде қарастырылып, ұсынылды.

« 23 қараша 2024 ж. Хаттама № 2

Кафедра меңгерушісі: Д.К. Садирбекова Садирбекова Д.К.

«Педагогика, бизнес және құқық» институтының Ғылыми Кеңес отырысында қарастырылып, бекітілді.

« » 2024 ж. Хаттама №

Институт директоры Нурлихина Г.Б.

КІРІСПЕ

Қазақстан тарихы бұл – Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетінің аумағында тұрып жатқан және өзге де этностардың ұжымдық жады. Қазақстан тарихы түркі әлемі, Шығыс елдері, Еуразия тарихының ауқымында қарастыруға болатын дүниежүзі тарихының бөлінбес бөлшегі ретінде саналады. Отан тарихы – тарихи кеңістік пен уақыт аралығындағы ежелгі дүниеден қазіргі оқиғалардың, құбылыстардың, үдерістердің, саяси, этникалық, әлеуметтік – экономикалық және рухани – мәдени аспектілерін зерттейтін ғылым.

«Қазақстан тарихы» пәнінің негізгі мақсаты – Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру.

Пәннің міндеттері:

- 1) білім алушыларды фундаментальді деректанулық және тарихнамалық материалдармен, сондай-ақ қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының жетістіктермен таныстыру;
- 2) Қазақстан тарихының гуманитарлық білім беру жүйесіндегі орнын анықтау;
- 3) дамудың заманауи кезеңіндегі өзекті мәселелерді талдау үшін Қазақстан тарихының нысаны мен пәнінің ерекшелігін анықтау;
- 4) Ұлы Дала аумағындағы мемлекеттік формалары мен өркениеттердің эволюциясын, қазақ халқы этногенезінің негізгі кезеңдерін толық және объективті көрсетуге негізделген Қазақстан тарихының ғылыми-негізделген тұжырымдамасын жасау;
- 5) Қазіргі Қазақстан тарихының оқиғалары туралы білімдерді жүйелеу.

Оқу нәтижелері:

- 1) Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
- 2) сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
- 3) қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;
- 4) заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделей білу;
- 5) Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәурдегі Қазақстан (XVIII-XX ғ.басы), Кеңестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан.

Пәнді оқыту процесінде қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

- 1) интерактивті және сандық технологиялар;
- 2) оқытудың жобалық әдістері;
- 3) проблемалық оқыту технологиялары;
- 4) геймификация.

I-БЛОК. ЕЖЕЛГІ АДАМДАР ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы

Тарихи үдерісті кезеңдерге бөлу. Тас дәуіріндегі Қазақстан аумағының ландшафтық-климаттық өзгеріске ұшырауы. Адамның шығу тегі териясы және адамзаттың алғаш пайда болған жері мәселесі. Қазақстан аумағы – homo sapienстің қалыптасу ошақтарының бірі. Глоттогенез түсінігі. Культурогенез тұжырымдамасы.

Палеолит(ерте тас ғасыры) Адамның пайда болуы мәселесі (антропогенез). Африка мен Азия аумағындағы негізгі антропологиялық жаңалықтар. Қазақстанның табиғат жағдайлары және ертеде өмір сүрген гоминиттердің ортасы. Алғашқы қауымдық құрылыс және оның мәні. Аңшылық, балық аулау, терімшілік.

Тас ғасырының археологиялық дәуірлеуі және оның мерзімдемесі.

Қазақстан полеолитін зерттеу тарихы. Х.А. Алпысбаев басқарған Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау отрядының жұмысы. Ерте полеолит ескерткіштерінің табылуы.А.Г. Медоевтың Батыс Қазақстан мен Балқаштың Солтүстік жағалауында жүргізген жұмыстарының маңызы. М.Н. Клапчук пен В.С. Волошиннің Орталық Қазақстанда жүргізген зерттеулері. Шульба археологиялық экспидициясыпалеолит отрядының және Қазақстанның тас ғасыры ескерткіштерінзерттеу бойынша Ж.К. Таймағанбетов бастаған экспидициялар жұмыстарының қорытындылары. Қазақстан территориясындағы палеолиттік тұрақтар: Арыстанды, Бөріқазған, Тәңірқазған, Жаман-айбат, Өгізтау, Обалысай, Семізбұғы, Қозыбай, Шақпақты, Құдайкөл, Үлкен Ақмая т.б. Палеолиттің кезеңдерге бөлінуі. Кейінгі палеолиттің ерекшеліктері: Адамзаттың жердің барлық климаттық зоналарын тарап қоныстануы, нәсілдер мен нәсілдік топтардың қалыптасуы.

Қазақ – Ресей кешенді археологиялық экспидициясының палеолит ескерткіштерінің **жаңа ашылымдары** (1992-2002 жж.). Қошқорған, Шоқтас т.б.стратифицияланған ескерткіштері.

Мезолит(орта тас ғасыры)

Плейстоценнен голоценге өту. Мұзбастаудың шегінуі. Оңтүстік Қазақстанның мезолит ескерткіштері. Материалдық мәдениетке сипаттама. Табиғат жағдайлары мен еңбек құралдарының әсерінен шаруашылықта болатын өзгерістердің археологиялық деректермен дәлелденуі. Тұрмыста садақ пен жебенің пайда болуы. Тас еңбек құралдары: микролиттер мен макролиттер. Тобыл, Нұра, Ертіс өзендері жағаларындағы ескерткіштер. Еңбек құралдарындағы айырмашылықтар.Қазақстан территориясындағы мезолиттік тұрақтар: Евгенийевка-1,Тельман, Екібастұз т.б. Садақ пен жебенің пайда болуы. Мезолиттің тарихи орны.

Неолит(жаңа тас ғасыры)

Неолиттің жалпы сипаттамасы. «Неолиттік төңкеріс: дайынды иемденуден шаруашылықтың өндіруші түріне өту. Мал шаруашылығы мен егіншіліктің пайда болуы. Қазақстанның неолит тұрақтары. Қараүңгір үңгірлік тұрағы. Тасты өңдеу технологиясы және керамикалар жасау. Батыс Қазақстан аумағындағы Келтеминар мәдениеті. Орталық Қазақстанның Атбасар мәдениеті. Торғай жырасындағы Маханджар мәдениеті.Неолит

өңірінің көптүрлілігі: қыш ыдыстардағы өрнектер, жартастардағы суреттер т.б. Аналық ру (Матриархат). Аталық рудың қалыптаса бастауы (Патриархат).

Энеолит(мыстығас ғасыры) Тастан жасалған еңбек құралдарымен қатар мыс құралдардың пайда болуы. Кетпенді егіншілік пен бақташылықтың таралуы.).Қазақстан территориясындағы энеолиттік тұрақтар: Ботай, Қаратау жоталары ескерткіштері, Арал өңірінен табылған заттар, Жоғары Ертіс, Тобыл, Есіл өзендері бойындағы қоныстар мен ескерткіштері табылған жерлер. Орал – Ертіс өзен аралығындағы энеолит. Ботай мәдениеті. Материалдық мәдениет. Қоныстар мен тұрғын үйлердің сипаты. Шаруашылық. Жерлеу дәстүрі. Маңғыстаудың энеолит ескерткіштері. Қыш ыдыс жасау тәсілдері. Мәдениеттің көрші аумақтар мәдениетімен өзара әрекеті.

БЛОК 1. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ

Қола дәуірі

Қола дәуірінің жалпы сипаттамасы және кезеңдері. Шаруашылықтың өндіруші түрлеріне өту және ежелгі дәуірдегі Ұлы даланың шаруашылық – мәдени жүйесі қызметінің принциптері. Қола дәуіріндегі Қазақстан тұрғындары шаруашылығының кешенді (мал шаруашылық – егіншілік) сипаты. Жаңа шаруашылық түрлеріне өту негізінде жатқан табиғи – географиялық және әлеуметтік – демографиялық факторлар. Мал шаруашылығының дамуы және эволюциясы: ұй маңындағы бақташылық мал шаруашылығы, малды жайып бағушылық шаруашылығы, көшпелі мал шаруашылығы рөлінің артуы. Жылқының мініс және ауыр еңбек күші ретінде кең түрде пайдалану. Әскери дәйгелектердің кең тарауы. «Андронов мәдениеті» (б.з.д. XVIII – VIII ғғ. Бас кезі.), негізгі белгілері. Андронов мәдениетінің кезеңдері: ерте, дамыған, кейінгі сатылары.

Кейінгі андронов кезеңіндегі көшпелі малшылар дәуірі. Қола – еңбек құралдары және қару - жарак дайындаудың негізгі материалы. Қазақстан жер қойнауының түсті металлдарға бай болуы ежелгі мықты металлургия ошақтарының пайда болуының маңызды алғышарты ретінде. Қола құю өндірісінің жоғары деңгейі. Маман – қолөнершілердің бөлініп шығуы. Қыш құмыра дөңгелегінің пайда болуы.

Қола дәуір тұрақтары. Патриархатқа өту. Мүлік теңсіздігінің өсуі, әскери аристократияның бөлініп шығуы, рулық құрылымның үлкен өзіндік эконмикалық отбасыларында ыдырауы. Мәдени қауымдастықтардың құрылуы. Тайпаралық қақтығыстардың, соғыстардың жиілеуі. Жерорта теңіздік және Кішіазиялық мәдениеттермен байланыс, Ұлы Жібек жолының пайда болуының алғышарттары. «Андроновтықтардың» протоевпропид нәсіліне жатуы және «андоновтық» құрамның Қазақстан аумағындағы генетикалық нәсіл қалыптасуы үдерісіндегі орны. Қола дәуіріндегі Қазақстан тұрғындарының тіл және аңыз мәселелері: арийлік (шығыс ирандық) мәдениет тамырлары.

Орталық Қазақстанның Беғазы – Дәндібай мәдениеті. Жезқазған – ежелгі дәуірдің маңызды металлургия орталығы. Тұрғын үйлердің және ғибадат ету ғимаратының сәулет - құрылыс түрлерінің эволюциясы. Некропольдер. Солтүстік, Батыс және Шығыс Қазақстан

ескерткіштері. Қазақстан протокалалары: Арқайым елді орындары. Оңтүстік Қазақстан және Жетісу тұрғындарының мәдениеті. Тағыкен мавзолейі – Қазақстанның кейінгі қола дәуірінің атақты ескерткіштері. Қазақстан петроглифтері: Таңбалы – тас, Ешкіөлмес және т.б. олардың елдің мәдени мұрасындағы орны.

Ерте мемлекеттік құрылымдар

Атқа міну мәдениетінің генезисі

Көшпелілер тарихын кезеңдеу. Көшпеліліктің қалыптасуының алғышарттары: табиғи-географиялық және әлеуметтік-мәдени факторлар. Мал шаруашылығының рөлі мен маңызының артуы. Көшпелі шаруашылық түрлері: ұймаңы, бақташылық, көшіп-қону, және т.б. Атқа міну мәдениеті. Құдықтар. Ат әбзелдері. Дала, жартылай дала және шөлейтті аймақтарды игеру. Төрт түлік түрлері. Әлеуметтік құрылымы мен қоғамдық құрылысы.

Ерте темір дәуірі тайпалары туралы жазба деректер.

Скиф – сақ қауымдастығы (б.з.д. VIII-III ғғ.). Табиғат жағдайының құрғақтануы көшпелі мал шаруашылығы қалыптасуының басты себебі. Климаттаң жылдам аридизациялануы- номадизм генезисінің басты себебі. Б.з.д. I мыңжылдықтың бас кезі – көшпелі мал шаруашылығының үстем етуші шаруашылық түріне айналуы және еуразия номадтарына жылқы-көшпелі өркениеттің дүниеге келуі. Еуразия номадтарының өркениеттері. Номадизм адамның табиғат үдеуіне парапар жауабы және ежелгі Қазақстанның нақты тарихи жағдағындағы ірі экономикалық прогресс. Тұрғындардың көшпелілердің пассионарлы топтарының әскери өндірістерінің топтасуы мен көші – қон белсенділіктерінің жедел артуы. Әскери ұйымның жоғары деңгейі. Атты жауынгердің қарулануы. Номад өркениетін ұстанушылардың этнопсихологиясы және дәстүрлері. Көшпелінің орын ауыстырушы баспанасының – киіз үйдің пайда болуы.

Сақтардың саяси тарихы: Ахеминидтік Иранға қарсы перманентті соғыстар (б.з.д. VI ғ.), Ескендір (Александр Македонский б.з.д. IV ғ.) жаулап алуының көріністері.

Ғұндар (Хунну). Орталық Азиядағы б.з.д. I мыңжылдықтың ортасындағы этнолингвистикалық ахуал. **Шығыс Сібір және Орталық Азияның шығыс бөлігіндегі «алтай» тайпалары ортасында прототүрік тілдерінің қалыптасуы.** Модэ билеуші және (б.з.д. III ғ - б.з. I ғ.) Орталық Азияда алғашқы көшпелі империяның қалыптасуы. Сыма Циянның әулеттік жылнамалары «тарихи жазбаларындағы» Қытайдың солтүстік-шығыс көршілері көшпелі тайпалар туралы ақпарат. Хань сарайымен байланыстар: соғыстар, ымыраға келу кезеңдері, елшілік және сауда. Юечжий тайпаларын бағындыру. Ғұн – қытай соғыстары. Ғұн қоғамының қоғамдық және мемлекеттік құрылымы. Билік етуші әулиет. Рулар мен тайпалар иерархиясы. Әскери ұйымның ондық жүйесі. Мал шаруашылығы, егіншілік, қол өнер. Жазба және қалалар. Тәңірге табыну. Мемлекет дағдарысы, ғұндардың солтүстік және оңтүстік болып бөлінуі. Ғұн тайпаларының Шығыс Қазақстан мен Жетісуға қоныс аударуы. Юзбань мемлекетінің құрылуы. (б.з. II-V ғғ.). Қазақстан аумағында этномәдени өзара ықпал ету. Метисация үдерісінің күшеюі және түрік тілінің үстем етуінің басталуы.

Үйсіндер және кангюлер (б.з.д II- б.з V ғ) Қытай деректеріндегі үйсіндер мен кангюлер туралы хабарламалар. Сақтардың этномәдени мұрасымен сабақтастық. Орталығы Жетісу

болған үйсіндер мемлекеті. Оңтүстік Қазақстандағы кангюлердің мемлекеттік бәрлестігі. Қытай, ғұндармен өзара қарым-қатынастар. Экономика, үйсіндер жартылай көшпелі мал, жылқы шаруашылықтарының басымдылығы. Егіншілік және отырықшылық. Материалдық мәдениет. Ру-тайпалық құрылым-әскери және мемлекеттік ұйымдардың негізі. Ұлы Жібек жолының пайда болуы. Сақ, үйсін, кангю, юечжилердің тілдік жатқызылымдары туралы пікір таластар.

БЛОК 2. ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА

Монғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезендері

ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Ерте ортағасырлық мемлекеттер(VI – X ғғ.)

Алтайдан Хинганга дейінгі аумақ – ежелгі түркілердің этно және глотогенез ареалы. Б.з. 1 мыңжылдығындағы еуразия далаларының этнотілдік ортасындағы өзгерістер. «Түрік» сөзі және оның әртүрлі дәуірлердегі мәні. Ежелгі түркі (VI-IX ғғ.) дәуірінің жалпы сипаттамасы. Түрік-туцзюе этногенезінің сатылары, кейінгі ғұн конфедерациясы тайпалары тарихымен сабақтастығы. Алтайда он тайпа одағының құрылуы. Ежелгі түркілердің саяси өмірінің күшеюі және мемлекеттің(қағанаттың) құрылуы. Бумын - қаған және оның ағасы Истеми. Ұлы түрік қағанаты(552-603 жж.) – тұңғыш Еуразия көшпелі империя. Жужандарға қарсы күрес және жаулап алу, Батысқа көшу. Қазақстан аумағының жаңа Орта Азиялық империяға интеграция және оның түпкілікті үдерісінің аяқталуы.

Мұқан қаған және Таспар қаған кезінде мемлекеттің ең жоғары мәртебеге көтерілуі. Византия, Иран және Қытаймен өзара қарым – қатынас. Түрік империясының халықаралық мойындауы. Мемлекеттің дағдарысы және ыдырауы кешенді ішкі, сыртқы факторлардың салдары ретінде (әулеттік күрес, Қытайдың орталықтануы, жұт және т.с.с). Қатарлас өмір сүру және бір типті мемлекеттердің ертефеодалдық біртектілік сипатта әлеуметтік-саяси ұйымдар, мәдени мемлекеттік құрылымдар ретінде (қағанаттар) ауысуы – Ұлы Түрік Елі ыдырағаннан кейінгі дәуірдің өзіндік белгілері. Көші-қон легінің бағыттары және түрік этно, мәденигенезі орталығының шығыстан батысқа қарай жылжуы, «сыртқы әлеммен» байланыс рөлінің артуы.

Батыс Түрік қағанаты(603-704жж.) – «Он оқ елі» - және оның Жетісудағы орталығы. Әскери –әкімшілік жүйе, этноәлеуметтік құрылым. Түрік-соғды синтезі Оңтүстік Қазақстан және Жетісу ерте ортағасырлық қала мәдениетінің негізгі ретінде. Тайпааралық тартыстар. Қытай жаулап алуы және саяси тәуелсіздікті жоғалту (қаған-қуыршақтардың басқару кезеңі). Түргештердің батыс – түрік мемлекеттілігін қайта жаңғырту.

Түргеш қағанаты(704-706 жж.) VII ғ. Орталық Азиядағы күрделі-саяси ахуал аясында Түргештер мемлекеттілігін басталуы. Түргештер аристократиясындағы проқытай және Қытайға қарса үрдістер. Арабтардың Орталық Азияның жаулауы. Түргештердің Арабтарға қарсы соғды тұрғындарын күреске қатысуға итермелеген фактор: патронат дәстүрлері және өзара міндеттері таңдық Қытайды айдап салуы, жалдамалылар санатында қатысулары т.б.

Сүлік қағанның Арабтардың жеңіс табуын, қара және сары түргеншетер арасындағы 20 ж күрес қытай әскері интервенциясы және Жетісуды жаулап алуы.

Қарлұқ қағанаты (766-940) Түркі тілдес қарлұқтардың Жоңғар Алтай өңірінен Жетісуға қоныс аударуы. Орталық Азияда мұсылман – қытай қайшылықтарының шиеленісуі. Қарлұқтардың 751ж талас шайқасының қатысуы Арабтар жағына өтуі.

Жетісуда қарлұқ мемлекетінің құрылуы. Қарлұқтардың қашғарды басып алуы, ферғанаға ықпалының таралуы. Қарлұқтардың тайпалық құрамы және орналасуы. Әскери әкімшілік басқару. Шаруашылық. Қалар мен қоныстар. Саманидтер мен күрес және қарлұқтардың Саманид мемлекетінің мәдени ықпалы аясына шынайы таралуы. Ислам шекараларының Талас даласына дейін кенейуі. Қарлұқ әскери тектілірінің исламға бағыт алуы. Қарлұқ жабғуы Білге Күл Қадырдың 840ж Қаған титулын қабылдауы. Қарлұқ қаласы – жаңа түрік мемлекеті Қарахан қағанатының этникалық негізі.

Оғыз мемлекеті (IX ғасырдың соңы-XI ғ бас кезі) Оғыздардың Сырдария және Арал өңірінен пешенектері ығыстырып шығаруы. Арал өңірі оғыздарында мемлекеттің құрылуы. Мұсылман авторларының «Мафазат Әлгузз» Оғыздар даласы шығармасындағы оғыздар туралы мәліметтер. Оғыздардың кимек, қыпшақ, қарлұқ, хазарлар және болғалармен этносаяси байланыстары. **Оғыз жабғуларының Еуразия тарихындағы маңызды оқиға- хазар қағанатын талқандауға, Еділ болғариясындағы қарса күреске қатысуы, Хорезмге жорық.** Оғыз тайпалар конфедерациясының құрамы. Оғыз жабғуларының саяси ұстанымдарының әлсіреуі. Оғыз тарихының негізгі **этнодермографиялық тұстары:** Батыс бағытындағы көші-қон толқындары (Шығыс Еуропа және Кіші Азия) Қыпшақтар ортасындағы ассимиляциясы т.б.

Кимек қағанаты (IX ғ басы- X бас кезі) Ертіс өңірінде кимек тайпалары одағының құрылуы. Қалыптасулары туралы болжамдар тайпалық, кимектер аумағының кеңеюі. Қыпшақ және құмандардың тайпалық бірлестіктерінің кимек қағанатына саяси тәуелділігі. Көршілес халықтармен этносаяси және мәдени байланыстары. Орталық Азия көшпелі тайпаларының Шығысында Ляо империясының құрылуына байланысты көші-қоны және өзара қатынасы.

VI-X ғ. Қазақстанның экономикалық және мәдени өмірі. Номадтық мәдениеттің гүлденуі, отырықшы егіншілік өркениеттермен өзара әрекет етуі. Шаруашылық –мәдени сиапттама мал шаруашылығы, егіншілік, қалалар мен қоныстар. Дала және Қала. Ортағасырлық экономикалық гүлдену және мәдени дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Ерте орта ғасырлардағы халықаралық жүйесіндегі түрік – иран , түрік – қытай , түрік – араб және түрік – славян қатынастары . Ежелгі түрік жазуы : пайда болуы уақыты , зерттеу және кілтін табу мәселелері , маңызы . Түріктердің этникалық және тарихи санасының өсуі, Күлтегінге арналған ескерткіш , басқа да орхон жазбалары мазмұнындағы бірлік және тәуелсіздік идеялары (VIII ғ.) Аңыздар , Қорқыт ата туралы аңыз -ертегілер .

Тәңіріге табыну орталық азиялық көшпенділердің автохтонды діни жүйесі . Түріктердің христиандыққа (несториандыққа), буддизмге, манихейлікке және т.б.

діндерге араласуы. Түріктер арасында исламның таралуының объективті негіздері және алғы шарттары. Академик В.В Бартольд ерте ота ғасырлардағы мұсылман өркениетінің ғылыми – ағартушылық және технологиялық артықшылықтары түріктердің ислам дініне жаппай өтуінің себептері туралы. Түрік - көшпелілердің ислам дініне дейінгі принциптерін синтездеу исламның аймақтық түрлерінің қалыптасуы.

ДАМЫҒАН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР (XI-XIII ғ.бас кезі.)

Қарахан мемлекеті (942-1210ж)- Орталық Азиядағы тұңғыш мұсылман түрік мемлекеті. Түрік тілдес әлемнің мемлекеттілік эволюциясы және өркениет дамуындағы Қарахан мемлекетінің орны: ислам парадигмасының қалыптасуы «Ұлы даланың саяси, әлеуметтік және этникалық тарихындағы жаңа сатының басталуы» (С.Кляшторный), шығыс иран дүниесімен халықаралық қатынастарының, байланыстарының кеңеюі. Жетісу және Қашғар аумағында қағанаттың құрылуы. Сатұқ Боғра хан (Әбд әл Карим) және түріктердің исламға жаппай бет бұруы. Қарахандықтардың Мауераннахрға саяси ықпалының таралуы. Селжұқтармен, Хорезмшахтармен, қыпшақтармен саяси байланыстары. Билік құрылымдарының иерархиялық жүйесі. Көшпелі дәстүрлер және қарахандықтардың отырықшы-егіншілік пен қала өркениетті аясына тартылуы. Қалалардың, сауданың, мәдениеттің гүлденуі. Отырықшылық пен егіншіліктің дамуы. Әскери-тайпалық және басқарудың әкімшілік жүйесі. Мемлекеттің дағдарысы және құлдырауы. Шығыс Қараханның XII ғасырдың бас кезінде қарақытайларға бағынуы.

Қарақытайлар мемлекеті (1128-1213 жж.). Қидандар-солтүстік Қытайға бағынған монғол типтес шығыс көшпелілер. «Қидан», «Қытай», «Қарақытайлар» сөздері. Елюй Даши бастаған түрлі этникалық тайпалар конгломератының- қарақытайлардың енуі (Алтай мен Тарбағатайдың түрік-мұсылман еместерін қосқанда) бейбіт инфильтрация, әскери қысым, Баласағұнды басып алуы. Қатуан шайқасы (1141ж) және Мауераннахрға қарақытайлардың саяси ықпалының артуы. Гурхан мемлекеті құрамындағы қарақытайлардың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға әсері. Рухани қысым және салық езгісінің, жергілікті билеушілердің өзара тартысының күшеюі, тұрғындар наразылығының өсуі. Қарақытайлардың жергілікті мемлекеттік дәстүрлерге тәуелділігі, жаулап алушылардың этникалық ассимиляция үрдістері. Хорезмшахтардың қарақытайлармен күресі, Күшлік наймандардың басып кіруі қарақытайлар билігін жоюдың алғышарттары.

Наймандар және керейттер ұлыстары (XI-XIII ғ.бас кезі). Орталық Азияның шығысы мен Қазақстан аумағындағы этносаяси үдерістердің өзара байланыстары және сабақтастығы. Түрік және Монғол көшпелілерінің ортақ этно-генетикалық тамырлары, тілдердің өзара ықпалы, қостілділіктің таралуы. Түрік тілдес наймандар мен керейттердің қазіргі батыс Монғолия, Алтай және Тарбағатай аумағында қоныстануы. Орталық Азияда найман және керейт тайпалары конфедерациясының қалыптасуы. Мемлекеттің (ұлыстардың) құрылуы. Шаруашылық- экономикалық уклад. Несториан ұғымындағы христиандық қабылдануы. Монғолдардың қарсы күрес. Шыңғыс-ханның керейттер мен

наймандарды талқандауы. Наймандардың, кереиттердің және жалайырлардың Қазақстан аумағына көшіп келуі. Күшлік бастаған наймандардың қарақытайлардың бағындыруы және Жетісуда билігін орнатуы.

Қыпшақ хандығы(ХІғ-1224ж). Қазақстан далаларында әскери-саяси гегемондықтан қыпшақтар қолына өтуі (ХІғ.басы). Қыпшақ тайпаларының батыс және оңтүстік батысқа қозғалысы. Оғыздардың Сырдариядан, Арал өңірінен және Каспий далаларынан ығыстыру. Араб-парсы авторларының қыпшақтар туралы мәліметтері. «Дешті-Қыпшақ» сөзі. Қыпшақ этникалық қауымының қалыптасуы сатылары. Қыпшақ конфедерациясының құрамы, тайпалар иерархиясы. Көршілес халықтармен және мемлекеттермен өзара қарым-қатынас. Номадизм, дүниетанымның, жерлеу салтының ерекшеліктері. Мемлекеттің екі этноаумақтық бірлестіктерге бөлінуі. Хорезммен өзара қарым-қатынастар: қарсы тұрулар, жақындау, әулеттік некелер, қызметке тұру, исламданудың басталуы. ХІ-ХІІ ғғ. Қыпшақ даласында қазақ халқының этникалық ұяшығының қалыптасуы; қыпшақтар мекендейтін аймақта «қазақ» сөзінің пайда болуы. Қыпшақтар- ерте ортағасырлардың «пассионарлы» субэтнос: сыртқы экспансиялар, Еділден өту, көші-қондар, Еуразияның, Таяу Шығыстың саяси тарихына белсенді араласу.

ХІ-ХІІІғғ. бас кезіндегі Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің дамуы.

Түрік- көшпелілердің шаруашылығы және тұрмысы туралы жазба деректердің мәліметтері. Отырықшы, қала мәдениетінің көшпелі, дала мәдениетімен қосылған симбиозы. Егіншілік ошақтары. Сырдария өңірі аймағының урбандалған мәдениеті. Қалалардың өсуі, олардың функциялары, қала мәдениеті құрылымындағы ислам әсерінің өзгерістері. Қазақстанның оңтүстігіндегі алғашқы мешіттер: Макдиси мәліметтер (Хғ. соңы) , Құйрықтөбе, Өрнек қалашықтары (Х-ХІғғ.). Қарахан уақытының сәулет ескерткіштері Боран күмбезі, Бабаджа-Хатын и Айша бибі кесенелері. Қол өнер, сауда, ақша айналымы. Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек долы трассалары. Қазақстан халықтары мен тайпаларының мұсылмандық Шығыс, Русь, Шығыс Еуропамен мәдени, саяси байланыстарының орнауы және кеңеюі.

Қазақстан тұрғындарының рухани мәдениеті.

Ежелгі наным-сенімдер және тұтқа табыну элементтерінің сақталуы, Жетісуға несториандықтың таралуы. Исламды яссауия, кубравия және т.б көшпелі софы бірлестіктерінің насихаттауы. Қожа Ахмет Яссауидің миссиясы және оның мектептері. Ерте ислам өркениетті жүйесіне Оңтүстік Қазақстан және Жетісудың интеграциясы, Дешті Қыпшақтың бір бөлігінің исламдануы (Х-ХІІІғғ. бас кезі). Жергілікті түрік ислам орталықтарының және дәстүрінің пайда болуы.

Түрік тілімен қатар араб, парсы тілдерінің таралуы, жаңа түрік элитасының мультилингвистикалық және универсалдық санасы. Әбу Насыр әл-Фараби феномені. Ғылым, философия, дінтану, әдебиетінің гүлденуі. Араб графикасындағы түрік мұрасының пайда болуы, мұсылман мектептері-мектеп, медреселердің таралуы. Түрік-ислам синтезі және Қарахан дәуірінің жоғары мәдениетінің Түрік-ислам синтезі және Қарахан дәуірінің

жоғары мәдениетінің ғалымдары мен ақындары: Махмуд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Ахмед Үнеки, Қожа Ахмед Яссауи еңбектерінің көрініс табуы.

Ұлы Дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғғ.)

Қазақстан монғол жаулап алуы (XIII) және Алтын Орда кезеңінде (1243ж - XVортасы.) Орталық Азия шығысындағы геосаяси жағдай және Темучин (Шыңғыс хан) бастаған монғол мемлекетінің құрылуы. Монғолдардың Шығыс Түркістан мен Жетісудың бағынуы. Жаңа жаулап алу акцияларына дайындық «Отрардың күйреуі» және монғол әскерінің Орталық Азия және Қазақстанға жорықтары (1219-1221жж). Монғолдардың қатыгездігі мен қанішерлігі, тозу және талқандау, көші-қон, шаруашылықтың күйреуі, м,әдениеттер мен конфессиялар қақтығысы.

Монғол ұлыстары құрамындағы Қазақстан. Бату ханның Шығыс Еуропаға жорығы және жаңа полиэтникалық, көп конфессиялы евразия империясы- Алтын Орданың құрылуы.

Жаулап алу бей-берекетінің экономиканы мен сауданы салыстырмалы қалпына келтірумен және тұрақтандырумен ауысымы. Жаңа билеуші элитаның (чингизидтердің) билікке келуі, түріктер мен монғолдар үшін жалпы әлеуметтік идеалдардың тууы, Қазақстанның жоғары дамыған мәдени орталықтары Еділ өңірі және Хорезммен бірігуі-отан тарихындағы монғол факторының позитивті аспектілері. Этно-тілдік және мәдени ассимиляция жаулап алушылардың объективті үдерісі және олардың жергілікті түріктілдес ортамен қосылуы, монғолдардың қыпшақтануының өрістеуі.

Монғол компонентінің Қазақстан тұрғындарының антропологиялық бейнесін қалыптастырудағы рөлі.

Саяси және мемлекеттік құрылыс. Алтын Орда билеушілері. Өзбек хан (1312-1342жж) және мемлекеттік дін исламды қабылдауы. Чингизид-сұлтандардың сопылық шейхтармен одағы. Алтын Орданың саяси мығымдылығының артуы. Алтын Орданың Мысырмен (Мамлюктер мемлекеті) саяси және мәдени байланыстары

Қазақстанның және көршілес аймақтардың XIVғ-XVғ бас кезіндегі мәдени мұрасы: ғибадатханалық сәулет, көркем өнерінің прогресі. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі (XIVғ)- ортаазиялық сәулет өнерінің жауһары. Кесененің рухани-діни белсенділікті ынталандыруға, этникалық бірігудегі және түрік халқын адамгершілікке тәрбиелеудегі рөлі. Көшпелілердің жазба ескерткіштері, эпос, ауызша поэтикалық шығармашылығы.

Шағатай ұлысының ыдырауы және Мауераннахрда әмір Темірдің билікке келуі. Темірдің Алтын Ордаға жорықтары. Мемлекеттің дағдарысы, ұлы бүлік» кезеңі . Алтын Орданың ыдырауына, Орталық Азияның біртіндеп шет аймаққа айналуына алып келген жаһандық және жергілікті сипаттағы кешенді себептер мен факторлар.

Ұлы Жібек жолының көмескіленуі, номадизм дағдарысының басталуы.

XIV-XVғғ ортағасырлық мемлекеттер

Монғолдар кейінгі кезеңдегі Қазақстанның этносаяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері. Ақ-Орда (XIIIғ. соңы-XVғ. басы) - жергілікті этникалық негізіндегі алғашқы ірі мемлекеттік бірлестік, Қазақ хандығының арғы бейнесі. XIV-XVғ. бас кезіндегі Шығыс Дешті-Қыпшақ. Орыс Мұхаммед ханның қызметі. Сырдария өңіріндегі қалалар үшін күрес. Орталық Азиямен өзара қарым-қатынастар. Биліктің орда Ежендіктерден Шайбан ұрпақтарына өтуі. Орда-Ежен ұрпақтарының шежіресі: Орыс-Құйыршық-Барақ- Жәнібек (Қазақ хандығының болашақтағы негізін салушы).

Моғолстан (XIVғ. ортасы-XVIғ. бас кезі). Шағатай ұлысының ыдырауы нәтижесінде мемлекеттің құрылуы және Жетісу және Қашғарда жергілікті түріктер мен түркіленген тайпалардың консолидациясы. «Монғол» ұғымы. Аумағы және этникалық құрамы. Мұсылмандықтың таралуы. Әмір иемірдің Монғолстанға жорықтары. Мұхаммед ханның кезіндегі биліктің күшеюі. Ойраттардың (қалмақтардың) әскери шеруі. Монғолстанның әлсіреуі және құлауы.

Көшпелі өзбектер мемлекеті. (1428-1468ж) немесе Әбілқайыр хандағы. Аумағы және этникалық құрамы. «Өзбек» сөзі. Әбілқайыр ханның Орталық Азияға әскери жорықтары. Сырдария өңірі қалалары үшін күрес. Әбілқайырдың ойраттардан жеңілуі (1457ж). Жәнібек және Керей сұлтандар бастаған тайпалардың наразылығы және Монғолстанға көшіп кетуі. Хандықтың ыдырауы. Көшпелі өзбектердің оңтүстікке қоныс аударуы және олардың Орталық Азияны жаулауы (Мауераннахрды).

Ноғай Ордасы (XIVғ. соңы-XVғғ). «Ұлы Әмір» Едіге. «Ноғай», «маңғыт ордалары» ұғымдары. Мемлекеттің аумағы және этникалық құрамы. Ноғай Ордасының Орыс мемлекетімен өзара қарым-қатынастары. Ноғай ордасының ыдырауы. Ноғай ордасына енген рулар мен тайпалардың қазақ халқының этникалық негізін қалыптастыруға қатысуы.

Солтүстік Қазақстан және Сібір хандығы (XIV-XVIғғ). Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанның бір бөлігі тұрғындарының Жошы ұлысына қараған Батыс Сібір тайпаларымен өзара байланыстары. Сібір хандығының құрылуы, оның ішкі және сыртқы саясат тарихы. Аумағы этникалық құрамы шаруашылығы. Мәскеу мемлекетінің шығысқа экспансиясы. Ермак жорықтары және Іскер қаласын басып алуы (1581ж). Көшім ханның жеңілуі. Хандықтың құлауы.

Қазақ халқы қалыптасуы. «Қазақ» этнонимі. Қазақ жүздері

Қазақ халқы этногенезі мәселелері және оның кешенді зерттеу бағытарының қажеттілігі. Қазақ халқының қалыптасуының алғышарттары кезеңдері, ерекшеліктері. Ежелгі дәуір, ерте және кейінгі ортағасырлардағы этно-лингвистикалық, нәсілгенетикалық үдерістер. Мәдени-тарихи қауымдардың және мемлекеттік құрылымдардың ауысымы, этникалық интеграциялық және дифференциялық үдерістердің диалектикалық бірлігі. Саяси фактордың, көші-қонның, жаулап алудың, мәдениетаралық түйісулердің рөлі. Шығыс Иран субстратының «алтайлық» (түрік-монғолдық) компонентіне соңғысының үстем еткімен бөлінуі – Қазақстанның көпғасырлық этникалық және өркениетті дамуының маңызды сипаты. Монғол жаулауының этногенезге қайшы әсері. Біріктіруші үдерістердің

монғолдар кезеңінен кейін жаңа қауымдардың этносаияси шеңберінде күшеюі (XIV-XVғғ) қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы, этникалық аумақтың анықталуы, ортақ тілдің қалыптасуы. Қауымдастықтың этноқалыптастыру белгілері: өзіндік сана және өзіндік идентификация, өзіндік атауы (этноним), тіл, мәдениет, шаруашылық өмір, тарихи жад, аумақ, мемлекет ортақтығы. Саяси фактор және оның этникалық үдеріске әсері. Түрік-қыпшақ сөзі «қазақ»: этимология, әуелгі әлеуметтік мәні- «ерікті»б «еркіндікті іздеуші», белгілі бір кезеңде әскери көшпелі өмір салтын кешуші. Этнополитоним ұғымының Жәнібек пен Керей бастаған «өзбек-қазақтардың» көшіп кетуі және Қазақ хандығын құру нәтижесінде трансформациялануы. Қазақ жүздерінің құрылуына негіз болған этносаияси және шаруашылық факторлары. Күрделі ішкі этникалық (рулық тайпалық) құрылым ортағасырлық қазақ көшпелі этносының өзіндік белгісі Жүздер – ірі этноаумақтық бірлестіктері (немесе тайпалар одағы). Ұлы, Орта және Кіші жүздердің аумақтары. Үш жүздің қауымдастығы туралы қазақтардың шежірелік аңыздары және олардың бабасы-Алаша хан Субэтноикалық топтар (сословиелер) төре және қожа, олардың қазақтардың көшпелі социумындағы орны мен функциялары.

XV-XVIғғ Қазақ хандығы

Қазақ хандығының құрылуы ғылыми мәселе ретінде. Мемлекеттің құрылған уақыты, қазақ хандары әулеттерінің пайда болуы туралы пікір-таластар (1465-1466ж, XVғғ. 60-ж ортасы, 1470-1471ж). Қазақ хандығының құрылуы бірізгілік акті емес, ұзақ уақытта созылған заңдылықтары мен объективті алғышарттар бар үдеріс. Керей мен Жәнібек – Орталық Азиядағы жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушылар. Әбілқайыр ханның басқаруына наразы тайпалар бөлігінің Керей мен Жәнібектің бастауымен батыс Жетісуға көшіп келуі- мемлекет құрылуының түбегейлі кезі және бастауы. 1468ж кейінгі «өзбек-қазақтар» позициясының күшеюі. Қазақ хандығы саяси билігінің Шығыс Дешті Қыпшақта таралуы. Дәстүрлі қазақ мемлекетігінің сипаттамасын ежелгі түріктердің мемлекеттік құрылымдарымен, алтын ордалық мемлекеттік құқықтық жүйемен, монғолдардан кейінгі уақыттағы әлеуметтік саяси институттармен сабақтастығы.

Қазақ хандығының нығаюы кезеңі. Билеушілер Бұрындық және Қасымның кезіндегі Қазақ хандығының саяси, экономикалық және әлеуметтік демографиялық жағдайы (1511-1521). Қазақ билеушілерінің Сырдария бойындағы қалаларда және оазистерді бақылауға алуға ұмтылуы, Мауераннахр Шайбанидтерімен күрес. Шайбан ханның өлімі. Моңғолстанның ыдырауы және Жетісудың қазақ хандығы құрамына енуі. Аумақтың Жошы ұлысының бұрынғы шекараларына дейін кеңеюі. Қасым ханның елшілігі және заңнамалық қызметі. Қазақ хандығының Орталық Азияның беделді мемлекетіне айналуы. Мәскеу мемлекетімен байланыстар. Мұсылман деректерінде «Қазақстан»-қазақтар елі (XVIғ) сөзінің пайда болуы. Хандықтың XVIғ орта кезіндегі дағдарысы және әлсіреуі.

XVIғ екінші жартысында Қазақ хандығы. **Хақ-Назардың** билігі (1538-1580) мемлекетінің ренессанс және орталықтану уақыты. Қазақтардың Хақ Назардың халықтың

үш жүзі түріндегі этноаумақтық негіздің орныққан билігі туралы тарихи әңгімелер. Ортаазиялық әулеттермен қарым қатынас динамикасы.

Хақ Назардың Бұхара билеушісі Абдаллах ханмен достығы және әскери одағы туралы «Анттық келісімі» Шығай мен Тәуекелдің кезіндегі сыртқы саясаттағы бұрынғы өзбек бағдардың жалғасуы. Орыс қазақтардың Сарайшық қаласын (1580ж) басып алуы және талқандауы. Ойраттардың шығыс аймақтарға қысымы.

Қазақ мемлекеті шекараларының әскери жетістіктер мен сыртқы саяси жағдайда тәуелді тұрақсыздығы және өзгермелілігі.

XVII-XVIIIғғ. басындығы Қазақ хандығы. Орталық Азиядағы геосаяси ахуал: ойрат қаупі, әскери қазақ отарлауының басталуы, Цин империясының шабуылы, Орталық Азияда Аштарханид Әулетінің билікке келуі. Есім ханның (1598-1630) Сырдария бойындағы қалалар үшін күресі.

Түркістан Қазақ мемлекетінің астанасы. Есім ханның заңдары. Ішкі қайшылықтардың шиеленісуі: сұлтан тектілерінің бақталастығы, тақ үшін күрес. Тұрсын ханның билікті жекешелендіруі.

Қазақ қоғамындағы батырлар мен билер ықпалының өсуі. Жоңғар хандығының құрылуы (1635) және жаңа жаулап алу саясатының басталуы. XVII ғасырдың екінші жартысында қазақ жоңғар қатынастарының шиеленісуі. Жәңгір ханның ойраттарға қарсы соғысы.

Тәуке ханның (1652-1715) тұсында мемлекеттің нығаюы және тұрақтылығының артуы. Заннамалық актілік ескерткіштер – «Жеті - Жарғы». Тәуке хан кезеңінің реформаторлық және отансүйгіштік рухы, қазақ халқының ұлы билерінің рөлі.

XIV- XVII ғғ. Қазақтар мәдениеті.

Қазақ тілі – дамуының тарихи сатылары, сипаттамасы. Шешендік өнерге табыну, импровизация шеберлігі, көшпелі – қазақтардың әуен мәдениетінің байлығы.

Сопылық және ханафиялық құқықтық мектептер және олардың халықтың діни дәстүріне әсері. Сакральды идеалдар: Құранның беделі, «құт» (игілік), «аруақ» (әулие рух бабалар рухы) категориялары.

Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрі: «жеті ұрпақты кастерлеу», шежірені білу. Күнтізбе ғарыштық түсініктер. Салт – дәстүрлер, наным - сенімдер. Наурыз – басты халықтық зайырлы мейрам.

Билер, ақындар және жыраулар: Асан Қайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет, Марқасқа, Ақтамберді, Бұқар. Олардың мұраларының негізгі идеялар: адамгершілік, әділеттілік, елдің бірлігі, Отанға қызмет ету, батырлар мен хандарды дәріптеу. Жазбаша ескерткіштер. Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырәлі Жалайыр. Материалдық мәдениет. Қазақтардың ұлттық киімінің, қару – жарағының ерекшеліктері. Қолөнер және үй кәсіпшілігі. Кейінгі ортағасырлық қала мәдениеті.

БЛОК 3. ЖАҢА ДӘУРДЕГІ ҚАЗАҚСТАН (XVIII- XX ғасырдың басы)

ХҮІІІ ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ жүздерінің сыртқы саяси жағдайы . ХҮІІІ ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ - орыс елшілік байланыстары : Н.Белоусов , Ф. Жилин , Б. Брянцев және т.б. елшіліктер І Петр патшаның «Шығыс саясаты» жүйесіндегі Қазақстан. Қазақ отарлауы.Омск, Семейпалат, Өскемен бекіністері негізінің қалауы И.Бухгольц ,А. Бекович – Черкасский ,И. Лихаревтің экспедициялары.

Жоңғар хандығының көтерілуі : жоңғарлардың жаулап алу саясатының стратегиясы. Қазақ билері: Төле би,Қазыбек би , Айтеке би . Қызылқұмдағы қазақ жүздері өкілдерінің съезі. Қазақ жасақтарының Аякөздегі жеңілісі ХҮІІІ ғ. 20-жылдарындағы Қазақстан аусағындағы жоңғар шапқыншылығы « Ұлы қасірет - Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары. Оңтүстік қалаларын , жер өңдеу ошақтарын жоғалту . Қазақ ақсақалдарының Ордабасындағы съезі . Әбілқайырды қазақ жасақтарының басшысы етіп сайлау Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресі. Бұлантыдағы жеңістің маңызы . Аңырақай шайқасы . Қазақ халқының азаттық күресі тарихындағы батырлардың (Қабанбай , Бөгенбай ,Райымбек және басқалары) рөлі. Қазақ - жоңғар соғыстарының халықтың ауызша тарих айту тарихнамасында бейнелеу .

Қазақ - башқұрт , қазақ - қалмақ қатынастарының шиеленісуі , жер мәселесі. Қазақстанның Ресейге қосылуының алғышарттары.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруінің алғашқы кезеңі.Кіші Жүздің ханы Әбілқайырдың Ресей империясына ресей протекторатын орнату туралы сауалы . Қойбағар Көбековтың елшілік миссиясы. Сейтқұл Қойдағұлов және Құтлымбет Қоштаев бастаған Әбілқайыр ханның елшілігі. Патшайым Анна Иоанновнаның 19 ақпан 1731 ж. Кіші жүзді ресей бодандығына қабылдау туралы Жалованая грамотасы А.И. Тевкелев (Кутлу Мухаммед мырза) бастаған орыс елшілігі. Келіссөздер барысы және әртүрлі саяси топтардың бодандық туралы өтініші. Ұлы жүздің ханы Жолбарыстың бодандықты өтінуі.

Ресей империясының ХҮІІІ ғ. 30- 50 жылдарындағы Қазақстандағы саясаты. И.К. Кириловтың «Жобасы», Орынбор (Қырғыз - қайсақ) экспедициясы. В.Н. Татищев. Жайық,Орынбор ,Есіл ,Ой шекара сызықтары құрлысының салынуы. Ресей әкімшілігі жер саясаты. Шекаралық аумақтарды әскери – казак отарлауы. Сібір казак әскері. Сауда саясаты : протекционизм ,айырбас сарайлары , жәрмеңке саудасы және оның орталықтары.

Кіші жүз ханы Әбілхайырдың қайта ант беруі, Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің және басқа сұлтандардың өкілдерінің 1740 ж. Съезі және Орта жүз бөліктерінің Ресей бодандығын қабылдауы.

Кіші және Орта жүздердегі ішкі қырқыстардың күшеюі. Орынбор губерниясының тұңғыш губернаторы И.И.Неплюевтың « бөліп ал да ,билей бер» саясатына ендіруі. Әбілқайырдың Орынбор әкімшілігімен қарым - қатынасының шиеленісуі. 1740- ы жылдардың соңындағы патша үкіметінің Әбілқайырмен келіссөздері. Әбілқайырдың қайтыс болуы.

ХҮІІ ғ. Екінші жартысындағы қазақ қоғамы. Қазақтар шаруашылығы. Көшпелі мал шаруашылығы - қазақ қоғамының материалдық өндірісінің негізі. Қазақтардың көшу бағыттары, мерзімдік жайылымдар. Екіншілік дамуының ерекшеліктері. Қолөнердің жағдайы. Экономикадағы өзгерістер. Сыртқы сауда. Қазақтардың қоғамдық құрылымы. Әлеуметтік жіктелу. «Ақ сүйек» («белая кость»), «қара сүйек» («черная кость») ұғымдары, олардың мазмұны және құрылымы.

Қазақтардың (1773- 1775жж.) Е.И.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы. Пугачевтың қазақ тұрғындарына жолдаулары мен манифестері. Патша өкіметінің Қазақстан аумағындағы жазалау шаралары. Шаруалар соғысының жаңғырығы - «көрінбейтінің» қозғалысы. Мәселенің жаңа көрінісі.

Абылай дәуіріндегі Қазақстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайы. Абылай хан (1771 – 1781жж.) аса көрнекті саяси мемлекет қайраткері, оның саяси тәуелсіздікке және егемендікке ұмтылуы. Абылайдың Ресей және Цин империяларымен қарым - қатынасы. Абылайдың қазақ жерлерін біріктіру үшін күресі.

ХҮІІІ ғ. Соңындағы Қазақстанның сыртқы саяси жағдайының өзгеруі Абылай хан мұрагерлерінің басқаруы кезеңіндегі (ХҮІІІ ғ.80- і жж.) Орта жүз аумағындағы саяси ахуал.

Бөкей хандығы: қалыптасу ерекшеліктері және билік жүйесі. Бөкей хандығының (Ішкі орда) құрылуы. Бөкей хандығындағы басқару жүйесінің ерекшеліктері. Бөкей хандығындағы жер өатынастарының ерекшеліктері: жерді иелену және жерді пайдалану түрлері. Бөкей ханның басқаруы (1812 – 1815жж.) Шығай сұлтан. Жәңгір хан билігінің (1824-1845 жж.) сипаттамасы. Хандық биліктің таратылуы және Бөкей ордасы басқару бойынша Уақытша Кеңестің құрылуы.

ХҮІІІ ғ. Аяғы - ХІХ ғ. Екінші жартысындағы Қазақстан және ортаазиялық мемлекеттер. Ортаазиялық хандардың Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы саясаты. Қоқандықтардың ХІХ ғ. Бас кезінде Сырдарияның орта ағымындағы аудандарды және Жетісудың бөліктерін басып алуы. Қоқан бекіністері. Мухаммед Рахым - хан және оның мұрагерлері кезіндегі хиуалықтардың Сырдария өзенінің төменгі өңірлерін басып алуы. Жетісу және Қазақстанның оңтүстігінің қазақ тұрғындары қоқан және хиуа билеушілерінің езгісінде. Қазақ халқының патша өкіметінің және өкіметінің және ортазиялық хандардың езгісіне қарсы азаттық күресі. Ұлы жүз қазақтарының Қоқанға қарсы көтерілісі (1812 ж.)

Ресейдің ХІХ ғ. 20 – 40 жылдарындағы Қазақстандағы әкімшілік реформалары. Қазақстанда хандық билікті жою. М.М.Сперанскийдің «Сібір қазақтар туралы Жарғысы» (1822 ж.) Әкімшілік басқарудағы өзгерістер Орта жүзде сыртқы округтар мен округтік приказдардың ашылуы. 1824 ж. Орынбор аймағын басқарудағы өзгертуге байланысты азиялық істер Комитетінің пікірі. Кіші жүзде 1831 ж. Ара қашықтық жүйесінің енгізілуі және жүзді арақашықтықтарына бөлу. 1844 ж. Орынбор қырғыздарын (қазақтарын) басқару туралы ереже.

Қазақ халқының ХУІІІ ғ. – ХІХ ғ. Бірінші жартысындағы халық азаттық қозғалыстары. Негізгі кезеңдері, нәтижелері, проблемалары.

Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған халық - азаттық қозғалысы (1783 – 1797 жж.) Көтерілістің басталуы және барысы, оның сипаты және қозғаушы күштері. Сұлтандардың, билер мен старшындардың көтерілістегі ұстанған бағыттар мен рөлдері. Генерал – губернатор О. Игельстром реформаларының жобасы.

Шекаралық соттың және шекаралық жазалаушылықтың құрылуы. Көтерілісшілер қозғалысының 1790 – жылдардағы жаңа қарқыны. Царизмның отарлық саясатының әдістеріндегі өзгерістер. Ералы (1792 – 1794жж.) Есім (1795 – 1797 жж.) хандардың ішкі саясаты. Көтерілістік қозғалыстың күшеюі. Көтерілістің жеңілу себептері және маңызы. Сырым Датұлының Хиуа хандығына кетуі. Сырым батыр халықтық шығармаларда және тарихи әдебиетте.

Бөкей хандығындағы 1836 – 1838 жж. Қазақтар көтерілісі. Бөкей хандығындағы (Ішкі орда) жер мәселесінің шиеленісуі. Шаруалар назарлығының өсуі 1827 – 1829 жж. толқулар. Бөкей хандығындағы Исатай Тайманұлы бастаған хандықтық көтеріліс (1836 – 1838 жж.) Көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері, оның маңызы.

Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы. 1839 ж. Хиуа жорығы және оның нәтижелері. Сырдария шекаралық сызығының жасалуы. Ұлы жүз сұлтаны Сүйік Абылайханұлының Ресей бодандығын қабылдауы. Ұлы жүз қазақтарын Ресей бодандығына қабылдау туралы І Александрдың грамотасы. Жетісу сұлтандарының 1844 ж. Ресей бодандығын қабылдау. Алатау округының құрылуы. Ұлы орданың Прениставы және оның өкілеттіліктері. Полковник Бларамбергтің басқарудағы топтың Ақ Мешіт қамалын қоршауға алуы В.Перовскийдің 1853 ж. жорығы. Қоқан үстемдігіне қарсы қазақтардың 1858 ж. Көтерілісі. Жетісудағы 1860 ж. әскери операциялар. Ұзын - Ағаш шайқасы. Әулие – Атаның, Меркенің, Түркістанның, Шымкенттің, Сайрамның алынуы. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Ресей құрамына кіруі. Қазақстанның Ресейге қосылуы тарихының тарихнамасы.

ХІХ ғ. екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық және саяси дамуы. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік - саяси жағдайының ерекшеліктері. Қазақ ауылы. Жатақтар. Жетісудағы жер өңдеудің дамуы. Сауда. Жәрменкелер. Кәсіпшіліктер. Урбанизация үдерістері. Қалалардың әлеуметтік - мәдени бейнесі. Банктік – ақша қатынастар. Өлкедегі қатынас және сауда жолдары. Бұқтырманьың, Перопавловскінің, Семейдің Син - Цзянмен сауда орталықтарына айналуы. Сауда қатынастарының әрі қарай дамуы. Қазақ - Қытай сауда байланыстарының әлсіреуі.

ХІХ ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы патша өкіметінің әкімшілік реформалары. Реформалардың дайындалуы. Патша өкіметінің Қазақстандағы реформалар жобасын жасау бойынша Далалық комиссисиясының іс - әрекеті. «Жетісу және Сырдария облыстарындағы басқару туралы уақытша ережелер» (1867 ж.) мазмұны және «Орынбор және Батыс - Сібір генерал - губернаторлығының далалық

облыстардағы басқару туралы Уақытша ережелері». Өлкедегі әскери – әкімшілік басқару ерекшеліктері. Әкімшілік құрылым және басқару жүйесін қайта құру. Сот жүйесіндегі өзгерістер. Жер мәселесі. Ағарту, рухани, діни басқару және медициналық қызмет ету жүйесінің жайы. Салық салу жүйесіндегі өзгерістер. Қазақ өлкесіндегі Ресей отаршылдық билігінің нығаюы. Жетісу казак әскері.

Қазақтардың 1868 – 1869 ж. Торғай, Орал облыстарындағы және 1870 ж. Маңғыстаудағы көтерілістерінің себептері, сипаты және барысы.

1886 ж. «Түркістан өлкесін» басқару туралы Ереже. Әкімшілік құрылымның ерекшеліктері. Далалық облыстарды басқару туралы 1891 ж. Ереже. Көшпелі және отырықшы тұрғындарды жерге орналастыру бойынша өзгерістер. Сот ісі құрылымдағы өзгерістер, сот ісіне енгізген жаңалықтардың мәні. Салық реформалары.

